# НҰРА

№44 (5230) сенбі
29 қазан 2011 жыл

*Газет 1963 жылдан бастап шығады Аудандық қоғамдық саяси газеті*


## Мемлекет басшысының Қазақстанның ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне үндеуі, 2011 ж. 26 қазан

**Қазақстанның ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне**

Қазақстанның Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекесінің құрметіне қазақстандық диқандар рекордтық астық өнімін жинады. Отанымыздың қамбасына 29 миллион тоннадан астам дәнді дақыл, соның ішінде 24 миллион тонна алтын дән толтырылды. Сонымен қатар астық жинау әлі де жалғасуда.

Қазірдің өзінде рекордтық астық түсімі Кеңес Одағы кезеңіндегі көрсеткіштен асып түсті. Егер сол кездері астықтың түсімі гектарына 15,4 центнерден айналса, бүгінде бұл көрсеткіш гектарына 18 центнерден жоғары болуда.

Рекордтық астық өніміне еліміздің басты астықты өңірлерінің еңбеккерлері үлкен үлес қосты: Қостанай облысында гектарына 20,2 центнерден 8,7 млн. тонна, Солтүстік Қазақстан облысында 8,7 млн. тонна (гектарына 22,4 ц) және Ақмола облысында 7,1 млн. тонна (гектарына 16,7 ц) астық жиналды.

Бұл Тың игеру кезінен бергі астық өніміндегі ең жоғары рекордтық көрсеткіш. Егін орағының облыстардың өз күштерімен жүргізілуі де ерекше маңызды жайт.

Астықтың 90 пайызының сапасы 1-3 сыныпты деңгейдегі әлемдік стандарттар бойынша бағаланады. Бұл Қазақстанның әлемдік астық нарығында бәсекеге қабілеттілігін сақтап қалуына мүмкіндіктер береді.

Бүгінгі табысымыз – қазақстандық ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің жанкешті еңбегі мен Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан экономикасының негізгі саласы – ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған сындарлы мемлекеттік саясаттың нәтижесі.

Рекордтық астық өнімін алу қазақстандық аграрлық сектордың дамуының жоғары серпінін көрсетеді. Соңғы 10 жылда бұл саладағы жалпы өнім көлемі 3,5 есе, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 3 есе өсті, ал ұн экспорты бойынша Қазақстан бүгінде төрт жыл қатарынан әлемде көшбасшылық ұстанымды ұстап келеді.

Мен қазақстандық ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін еңбектегі жаңа жеңісімен шын жүректен құттықтаймын!

Баршаңызға игілік және гүлдену тілеймін!

**Нұрсұлтан Назарбаев**

## «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» В ДЕЙСТВИИ

**«Здоровье народа – неотъемлемая составляющая успеха страны в достижении своих стратегических целей».**

Президент Республики Казахстан
Нурсултан НАЗАРБАЕВ

**С 17 по 30 октября в сельских населенных пунктах района была организована деятельность передвижного медицинского комплекса в целях реализации Государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан «Саламатты Қазақстан» на 2011-2015 годы, направленной на улучшение здоровья граждан Казахстана и формирование конкурентоспособной системы здравоохранения для обеспечения устойчивого социально-демографического развития страны.**

Развитие транспортной медицины предполагается в рамках Государственной программы во исполнение поручения Главы государства Нурсултана Назарбаева по дальнейшему повышению доступности медицинской помощи населению, проживающему в отдаленных и труднодоступных регионах страны.

Передвижной медицинский комплекс представляет собой амбулаторно-поликлинический комплекс, укомплектованный мобильной медицинской бригадой, базирующийся на специальном автотранспорте, предназначенный для проведения профилактических медицинских осмотров (скрининги), диспансерного осмотра лиц с хроническими формами заболеваний, подлежащих диспансеризации, консультативно-диагностическим обследованиям, диагностическим и лабораторным исследованиям, экстренной медицинской помощи на догоспитальном этапе в случаях чрезвычайных ситуаций, пропаганды и формирования здорового образа жизни.

Усиление профилактических мероприятий, скрининговых исследований, совершенствование диагностики, лечения и реабилитации основных социально значимых заболеваний и травм является одним из основных направлений Государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан «Саламатты Қазақстан» на 2011-2015 годы. Это предполагает разработку и внедрение стандартизированных, инновационных подходов к профилактическим осмотрам: комплекса национальных скрининговых программ для целевых групп населения с ежегодным охватом не менее 30% от общей численности населения, основанных на их возрастных, физиологических особенностях и рекомендациях ВОЗ, позволяющих обеспечить раннее выявление наследственных и приобретенных заболеваний, их своевременное лечение, остановить развитие тяжелых проявлений заболеваний, ведущих к осложнениям, инвалидизации и смертности; механизмов стимулирования ЗОЖ на уровне ПМСП; обеспечение доступности и качества профилактических мероприятий: внедрение эффективных международных методик доврачебного (SCORE) и врачебного скрининга; разработка и внедрение протоколов и стандартов ведения профилактических осмотров согласно специфике целевых групп; оснащение амбулаторно-поликлинических организаций приборами для экспресс-диагностики с обучением специалистов ПМСП вопросам профилактики и скрининга; внедрение международных стандартов и эффективных подходов к диспансерному наблюдению; внедрение системы оценки эффективности профилактических мероприятий. Решение задачи разработки и внедрения комплекса национальных скрининговых программ для целевых групп населения предполагается на первом этапе (2011 – 2013 годы) реализации Программы.

**Продолжение на 4-ой стр.**

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына

## ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТОЛЫМДЫ ТАРТУ

**Еліміздің ең басты мерекесі - Тәуелсіздіктің 20жылдығына Нұра ауданы тамаша тартулармен келді. Соның бірі ел еңсесін көтерер елеулі оқиға – аудан орталығында жалға берілетін төрт пәтерлі екі үй пайдалануға берілді.**

Еліміз тәуелсіздігін алған уақыттан бері жеткен-жетістіктері мен алған асулары аз емес. Халық сенімінен шығып, елге басшылық жасаған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев барлық қазақстандықтардың басына қайтсем де құт-береке орнатамын, қайткен күнде де халқымды тығырықтан алып шығамын деген сенімінің арқасында біз бүгінде осындай деңгейге жеттік. Нұрсұлтан Әбішұлының «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты жолдауында «Тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту барлық дәрежедегі әкімдердің бірінші кезектегі міндеті болып қалуы тиіс»,- дей келе біздің азаматтарымыз үшін, әсіресе, жас отбасылар үшін тұрғын үйдің қол жетімділігі мен сапалылығы – мемлекеттің барынша өмірлік маңызы бар басымдықтардың бірі болып келеді және алдағы уақытта да солай қала бермек» және ««Ендігі бір өзекті міндет – тұрғын үй проблемасын жеделдете шешу. Баспанаң болмайынша, түтін түтетіп, бала өсіру қиын. Жалға берілетін тұрғын үй құрылысына, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік сала еңбеккерлері үшін салынатын үйлерге екпін түсірген жөн. » деген болатын.



Аудан әкімі С.Шайдаровтың да ерекше ден қойып отырған мәселелерінің бірі - мемлекеттік бағдарлама шеңберінде аудандағы тұрғын үй мәселесі.

Соңғы төрт жылда екі пәтерлі алты үй, бір пәтерлі бір үй және екі қабатты 18 пәтерлі үй тапсырылып, оған көп балалы және «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша келген жас мамандар ие болса, биыл міне, төрт отбасының жаңа пәтер кілттеріне қолдары жетті. Бұл ауқымды жұмысты Қарағанды қаласының А.Плеханов басқаратын «ЭЛОИМ ЛТД» ЖШС-гі үлкен абыроймен атқарыпты.

Көше бойында сән түзеген екі үй де көздің жауын алғандай. Барлық құрылыс жұмыстары сапалы атқарылған, ішінде жылыту жүйесі, жарық, су бәрі орнатылып үлгеріпті. Жалпы көлемі 392 шаршы метр әр үйде екі пәтер, оларға республикалық бюджеттен бөлінген қаражат 22 млн теңгені құрайды.

Салтанатты шара барысында тұрғындарды осы айтулы оқиғамен құттықтаған аудан әкімі С.Шайдаров:

- Елбасымыздың атқарушы билік алдына қойып отырған өзекті мәселелердің бірі халықты қол жетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету болса, осы тапсырманы орындау мақсатында біз бүгін мына зәулім үйлерді тапсырғалы тұрмыз. Қашан да мұқтаж адамдардың қажетін ашу, көп балалы отбасыларына барынша қамқорлық көрсету қанымызға сіңген әдет емес пе! Сондықтан да мына пәтерлердің екеуі мұқтаж отбасыларына, ал екеуі қызметтік пәтер ретінде пайдаланылады. Ол жайында аудандық тұрғын үй комиссиясының ұйғарымы солай. Ондай шешім заң шеңберінде қабылданып отыр. Қызметтік пәтерге ие болғандар заң бойынша бірінші кезекте баспанамен қамтылатын тұлғалар санатына жататын мемлекеттік қызметкерлер. Олар да енді өз қызметтерін алаңсыз атқара алатындай жағдай туғызып отырмыз. Қоныстарыңыз құтты болсын!- деді ағынан жарыла.

Осы салтанатты шараға қатысқан аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Көбек Ынтықаев пәтер иелерін құттықтай келе:

-Бұл біздің аудан үшін айтулы оқиға. Себебі бізде кейінгі 20 жылда тұрғын үй салынған жоқ. Тек ауданға жаңа басшы Серік Шайдаровтың келуімен бұл іс алға басты. Мұндай ауқымды іс-шара Елбасы жолдауын орындау мақсатында жергілікті атқарушы билік тарапынан іске асып жатқаны Нұра халқын қуанышқа бөлеп, ертеңгі күндеріне сеніммен карауға негіз болып отыр. Егер Президенттің берген тапсырмалары жергілікті атқарушы органдармен осылайша орындалып отырса, онда, әрине, еліміз күннен күнге гүлдене түсетіні сөзсіз. Ал нақты айтсақ аудан әкімі С.Шайдаровтың қолға алуымен ауданда қаншама игі істер атқарылды. Бүгінгі шара сол көп атқарылған істердің бірі және еліміздің ең басты мерекесіне тамаша тарту. Мен аға ұрпақ атынан аудан әкімі Серік Шайдаровқа халыққа жасап жатқан адал еңбегі үшін ризалығымды білдіремін,- деді.

Аудандық ардагерлер ұйымының төрайымы Әдиша Есмағамбетова мен тәуелсіздік құрдасы Анар Мұқанова алқызыл лентаны қиғаннан кейін аудан басшысы жұртпен бірге ішке кіріп, пәтерлерді аралады.

Пәтерлердің бәрі де заманауи үлгіде салынған. Жылыту жүйесі жүргізілген.

Жаңа пәтерге ие болған бюджеттік сала қызметкері Цубикс Екатерина:

- Мен пәтер кезегінде тұрғаныма бес жылдың жүзі болды. Отбасымда жолдасым және екі балам бар. Елбасымызға рахмет, Елбасының тапсырмасын бұлжытпай орындап, халық үшін тер төгіп жүрген аудан әкімі Серік Жаманқұлұлына алғысымыз шексіз.

Әрине, пәтер иелерінің қуаныштарында шек жоқ.

Ал аудан әкімі аппаратында едәуір жыл қызмет істеп жүрген Смаилов Саматты екі кішкентай бүлдіршінімен аудан әкімі өзі бастап үйіне енгізіп, осы отбасымен суретке де түсіп үлгерді. Балалар қуанышында да шек жоқ, кеше ғана пәтер жалдап тұрған мемлекеттік қызметкер енді, міне, Елбасының салиқалы саясатының арқасында қызметтік пәтерге ие болды. Саматтың ата - анасы да аудан басшысына ризалықтарын жасырмай, алғыстарын жаудыруда.



Иә, елге адал қызмет етіп, осындай қарапайым адамдардың алғысына бөленгенге не жетсін!

**Бикен АХМЕТОВА**

**Суреттерде: салтанатты шарадан көріністер.**




Аудан әкімдігінде

## Жоспарланған шаралар орындалсын

Аудан әкімінің орынбасары Б.Шайжановтың төрағалығымен кезекті аппараттық жиын өтіп, онда жоспарланған мәселелер қаралды.

Ең алдымен ҚР Үкіметінің 2010жыл 28 мамырдағы №488 Қаулысымен бекітілген балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтудың 2010-2014жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасының аудан көлемінде орындалуы жайында аудандық білім беру бөлімінің бас маманы Ә.Әшімовтың мәліметі тыңдалды.

Бүгінгі таңда 5 жастағы балалар толығымен мектепалды даярлықпен қамтылған, ауданда 27 шағын орталық жұмыс істейді. Олардың төртеуі толық күн тәртібіимен, ал қалғандары жарты күн жұмыс істейді. 2011 жылы төрт мектепте 130 балаға арналған шағын орталықтар ашылған.Бұл мақсатта республикалық бюджеттен 14,73 млн теңге бөлінген.Орталықтар қажетті керек- жарақпен толық қамтамасыз етілген. Сонымен қатар аудан орталығында 156 млн теңгеге қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген, 95 орындық бала бақша пайдалануға берілмек.

Бұл мәселені қарау барысында аудан әкімінің орынбасары Б.Шайжанов бағдарлама әкімгерлеріне бюджет қаражатының мақсатты түрде жұмсалуын бақылауға алып, ата аналардан түсетін жарнаның толық жиналуына баса назар аударуды жүктеді.

Күн тәртібіндегі келесі қаралған мәселе ауданның әлеуметтік экономикалық даму бағдарламаларының орындалу барысы және жыл қорытындысына жақсы көрсеткіштерге қол жеткізу жолдарын қарастыру болды. Ол жайында бөлім басшысы М.Мұхаметжанова баяндады.

-Ауданның әлеуметтік экономикалық даму бағдарламаларының орындалуын қатаң бақылауға алып, әрбір бағдарлама әкімгерлері бағамдық көрсеткіштердің нәтижелеріне қадағалап, жыл қорытындысында жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуді жүзеге асыру қажет»,- деп қорытындылаған Б.Шайжанов бөлім басшысына жұмысты бүгінгі күн талабына сай ширата түсуді тапсырды.

Жиында қаралған өзекті мәселелерінің бірі қысқа әзірлік мәселесі қаралды. Бұл мәселе бойынша бөлім басшысы Қ.Оспанов баяндады. Ауданда қысқа әзірлік жұмысы жоспарланған шаралар аясында жүргізілген. Бұл мәселеге ерекше мән бере келе аудан әкімінің орынбасары Б.Шайжанов, бөлім басшысы Қ.Оспановқа бұл мәселеге жеке жауаптылығын ескерте келе, барлық шаралар мезгілімен және сапалы орындалуы қатаң бақылауға алынуын тапсырды.

**Бикен АХМЕТОВА**

## За чертой бедности

По информации управления координации занятости и социальных программ Карагандинской области, определена черта бедности на 4 квартал 2011 года.

Она равна 6268 тенге, что составляет 40% от прожиточного минимума 15671 тенге, рассчитанного Агентством по статистике Республики Казахстан за 3 квартал 2011 года. Стоимость продовольственной корзины по области в этот же период времени составила 9403 тенге и является в четвертом квартале текущего года критерием для определения права на ежемесячное государственное пособие на детей до 18 лет в размере одного месячного расчетного показателя на каждого ребенка (с 1 июля 2011 года – 1512 тенге).

**Соб.инф.**

## СЫНДАРЛЫ БАҒЫТ - САРА ЖОЛ

Еліміздің тәуелсіздік алғанына биыл 20 жыл толып отыр. 1990 жылы 25 қазанда Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданып, қазақ елі егемендігін алғаннан кейін Қазақ ұлтының тағдыры үшін маңызы зор бірнеше заң актілері қабылданды.

Атап айтқанда, 1991 жылы 10 желтоқсанда, еліміздің тәуелсіз ел екендігін айқындайтын «Қазақ Кенестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» заң қабылданды.

Бұл заң бойынша, елдің атауы «Қазақстан Республикасы» болып өзгертілді және 1991 жылы 10 желтоқсаннан кейін қабылданған заң актілерінде осы атау қолданылатын болды.

Тәуелсіз ел болуымызға тарихи маңызы бар заңдық құжат-1991 жылы 16-желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы болып табылады.

Аталған заңда, «Қазақстан Республикасы-тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет, ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгіліп, жүргізеді» деп көрсетілді.

Заннның 2-тарау 6-бабында «Тарихи тағдыр ортақтастығы қазақ ұлтымен біріктілген республиканың барлық ұлттарының азаматтары, Қазақстанның біртұтас халқын құрайды, бұл халық Қазақстан Республикасындағы егемендіктің бірден бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылады» делінген. Сондай-ақ, республика азаматтарының өздерінің ұлтына, дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жататынына, тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, шұғылданатын қызметіне, тұрғылықты орнына қарамастан, бірдей құқықтар берілді және бірдей міндеттер жүктелді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ елінің территориялық тұтастығының заңды негізі қаланды.

Әлемнің ұлы мемлекеттерінен кауіпсіздік кепілдігін алды. Мемлекеттік шекара бекітілді.

Еліміздің тәуелсіздігіне сара жол ашып берген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңымен «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияның республиканың жаңа Конституциясын әзірлеуге негіз бола алғандығымен тарихи маңызы зор.

Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы-ақ, әлемдік өркениетке барар жолда құқықтық мемлекет құруды таңдағаны баршаға мәлім.

Бұл тұрғыда, осыдан тура 16 жыл бұрын бүкіл халықтық қолдаумен қабылданған жана Конституциямыздың алар орны бөлек.

Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауында айтылған жаңа бастамалар өмірде іске асырылып, Қазақстан демократиялық құқықтақ және әлеуметтік мемлекет құру жолында ілгері жылжып Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің алдыңғы шебіне шығып отыр.

Елбасының халыққа Жолдауында айтылғандай «Біз тарихымызда тұңғыш рет Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесін және өзіміздің көпұлтты әрі көп дінді қоғамымыздың ерекшелігін ескеріп, Батыс демократиясының қағидаттарына сай келетін тәуелсіз мемлекетімізді орнаттық».

Саяси өмірімізді ырықтандыру жөнінде айтарлықтай табыстарға жеттік.

Елімізде жүргізіліп жатқан саяси өзгерістердің біз үшін басты мақсаты-елде саяси тұрақтылықты сақтап азаматтарымыздың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ете отырып, қоғам мен мемлекетті басқарудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету үшін осы заманғы демократиялық жолға қадам басу болып табылады.

Құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша ауқымды жұмыстар жүзеге асырылды.

Қазірдің өзінде құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша 16 заң қабылданды.

Шілде айында, Шанхай ынтымақтастық ұйымының мерейтойлық саммиті өтеді, Каспиидегі тұрақтылық пактісі, Жалпыға ортақ ядросыз әлем декларациясы, Қырғазстанға көмектің мемлекетаралық бағдарламасын жасап қабылдау бойынша Қазақстан ұсыныс енгізеді.

Осы жылы сәуір айында өткізілген Елбасының сайлауы кезін де Қазақстан халқы дүние жүзіне өзінің тәуелсіз, демократиялық, ынтымақ бірлігі жарасқан халық екендігін көрсете білді.

Осылайша, 1991 жылы тәуелсіздігін алған қазақ елінің әлемдік қауымдастықтағы саяси және экономикалық тұрғыдағы ролі мен беделі артып келеді және мемлекет өзінің нысаналы дамуын «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес толық жүзеге асыруда.

Бұл біздің халқымыздың үлкен жетістігі болмақ.

Тәуелсіздіктің тағдыры өз қолымызда екендігін сезіну және сол тәуелсіздігімізді қорғай білу Қазақстанның әрбір азаматының борышы болмақ.

**Ғ. Тоқжұманов**
**Нұра аудандық әділет басқармасының бастығы**

«Ауыл – береке – 2011»

## Береке көзі – ауылда

Нұра ауданы жыл сайын дәстүрімізге айналған «Ауыл – береке» атты жәрмеңкеге белсенді түрде қатысып келеді. Биылғы жылы 22 қазанда Қарағанды мен Теміртау қалаларында өткен жәрмеңкеге нұралықтар өздерінің азық-түліктерін базар бағасынан 15-20 пайызға арзан бағамен сатып, көпшілікті бір қуантып тастады. Биылғы «Ауыл-береке - 2011» жәрмеңкесіне Нұра ауданынан өз азық-түліктерін әкелген «Қайнар» ЖШС, «Отқанжар» ЖШС, «Альдеран» ШҚ мен 14 ауылдық округ, атап айтқанда: Құланөтпес, Заречное, Изенді Жараспай, Пржевальское, Байтуған, Қарой, К.Мыңбаев ауылы, Майоровка, Шахтерское, Ахмет ауылы, Щербаковское, Киевка кенті, Соналы ауылы қатысты. Ал Теміртау қаласының тұрғындарына ауылшаруашылығын өндірумен айналысатын «Индустриальный», «Қоғабаев» ШҚ мен Балықтыкөл, Ақмешіт, Кертінді және Тассуат ауылдарының тұрғындары өз өнімдерін ұсынды.

«Ауыл-берке - 2011» жәрмеңкесінде Қарағанды қаласына нұралықтар барлығы 7780 кг. ет өнімдерін, оның ішінде 5500 кг. қара мал еті, 780 кг. шошқа еті, 1000 кг. қой, 250 кг. жылқы және 250 кг. құс етін әкелді. Сондай-ақ, 35 тонна көкөніс өнімдері, оның ішінде 20 тонна картоп, 15 тонна көкөніс, сүт өнімдерінен 520 л. Сүт 150 кг. қаймақ, 130 кг. май мен 200 л. қымыз сатты.

Теміртау қаласына 1580 т. ет өнімдері, оның ішінде 1260 кг. қара мал еті, 180 кг. шошқа, 120 кг. қой және 20 кг. құс еті ұсынылды. 25 тонна көкөніс оның ішінде 15 т. картоп, 10 т. көкөніс, сүт өнімдерінен 160 л. сүт, 40 кг. қаймақ пен 40 кг. май ұсынылды.



Бір атап өтерлігі биыл облыс әкімінің арнай тапсырысымен аудандық жұмыспен қамту орталығының ұйымдастыруымен облыс орталығында өткен жәрмеңкеге Нұра ауданы көпшілікке сүйікті дәм – ыстық бауырсақ пен қымыз таратып, жәрмеңкеге келушілердің ризашылығына бөлінді.

Сонымен қатар ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Астанада Қарағанды облысының күндері өтті. Осы шарада 11-12 қазан күндерінде Нұра ауданы өз өнімдерін ұсынды. Ауданымызда көптеп өндірілетін ауылшаруашылық өнімдері мерекелік көрме - жәрмеңкеге түр-түрімен қойылды. Осы мерекелік шара қала әкімдігінің алаңында ұйымдастырылды. Оған Қарағанды облысының барлық ауданының ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер, оның ішінде нұралықтар да белсене қатысты.

Астанада «Шұбаркөл», «Қоғабаев», «Альдеран» ШҚ, «Қарой», «Қайнар», «Отқанжар» ЖШС-лар, сондай-ақ, аудандағы 24 ауыл, атап айтқанда: Баршын, Жанбөбек, Құланөтпес, Талдысай, Тікенекті, Көбетей, Құланөтпес, Заречное, Изенді, Жараспай, Пржевальское, Байтуған, Қарой, К.Мыңбаев ауылы, Майоровка, Шахтерское, Ахмет ауылы, Щербаковское, Киевка кенті, Соналы, Балықтыкөл, Ақмиешіт, Кертінді мен Тассуат ауылдары қатысты.

Нұралықтар 8,3 тонна ет оың ішінде: 5 тонна қара мал еті, 1 тонна жылқы, 2 тонна қой, 0,3 тонна құс етін ұсынды. Көкөніс өнімдерінен 50 тн. картоп, 6 тн. қырық қабат, 2 тн. сәбіз, 1 тн. қызылша және 1300 кг. сүт өнімдерін ұсынды.

Ауылшаруашылығы жәрмеңкесінде қала тұрғындарына ауылшаруашылық өнімдерінің түр-түрі осынша мол деңгейде ұсынылуының өзі Нұра ауданында тұрақты түрде даму мен қосымша сақтау өнімдерінің көптігін көрсетеді.

**Әмірхан НАҚЫПОВ**

ҚАЗАҚСТАН тәуелсіздігіне 20 жыл

АУЫЛ

*Село Шахтерское*

# В БУДУЩЕЕ – С УВЕРЕННОСТЬЮ

История основания села Шахтерское, как и многих других сел нашего района, является героической страницей истории целинной эпопеи. Поход в целину берет свое начало с Постановления ЦК КПСС в марте 1954 года «О дальнейшем увеличении производства зерна в стране и об освоении целинных и залежных земель». На целинные просторы отправились эшелоны людей и техники из внутренних районов России и других союзных республик, и сразу включались в трудовой фронт. В числе более 300 тысяч юношей и девушек, поддержавших обращение двенадцатого съезда ВЛКСМ: «… поехать на работу в районы целинных и залежных земель, приложить там свои заботливые хозяйские руки, создать уют в этих уже обжитых, богатых краях», были и добровольцы из города Шахты Ростовской области, которые и стали первоцелинниками села Шахтерское. С вбитием колышка на месте зимовки бывшего колхоза «Токсумак» Осакаровского района, где впервые причалил караван первоцелинников, начался отсчет истории нового хозяйства. В связи с тем, что первоцелинники этой земли были юноши и девушки из города Шахты, они решили дать имя родного города вновь создаваемому хозяйству.

**В апреле 54-ого по набережной Нуры начали выстраиваться первые палатки. Так, в числе организованных в Казахстане 90 хозяйств и 7-ми в Нуринском районе и был создан совхоз «Шахтер» 17 апреля 1954 года Постановлением Совета Министров Казахской ССР на территории Доссорского государственного земельного фонда.**

Весной 1955 года в совхоз прибыл отряд целинников из Пензенской, Рязанской областей. Началом кипучей работы стала весна 1955 года: партиями начали прибывать сельхозмашины. Проложили первую борозду, и механизаторы всецело окунулись в основную обязанность – распашку веками нетронутых ковыльных степей.

Люди, по призыву сердца приехавшие на освоение целины, которым суждено было найти свое счастье на этой земле, связали навсегда свою судьбу с древней землей Сарыарки. Сегодня в селе проживают 1149 человек, львиную долю составляют сами первоцелинники и их поколение. Сегодня в бригадах и полевых станах уже работает третье поколение – внуки тех первоцелинников. В селе насчитывается 376 дворов, 10 улиц. Все улицы освещены и огорожены металлическими заборами собственного производства. На сегодняшний день в селе установлено 87 опор освещения. Средства для освещения улиц выделяются из районного бюджета в размере 1363 тыс. тенге ежегодно.

*В селе зарегистрировано* 6 предпринимателей, занимающихся торговлей: имеется 4 продовольственных магазина, магазин промышленных товаров, двухэтажный мини-маркет «Байтерек», также функционирует парикмахерская.

На территории села действует ТОО «Шахтерское». В настоящее время ТОО «Шахтерское» - крупное элитно-семеноводческое сельскохозяйственное предприятие, которым по праву гордится главная житница области – Нуринский район.

Более 20 лет его возглавляет опытный земледелец, член Политсовета областного филиала партии «Нур Отан», депутат районного маслихата Георгий Георгиевич Прокоп, награжденный за заслуги перед государством, активную общественную деятельность и значительный вклад в социально-экономическое и культурное развитие страны высокими государственными наградами: орденами «Құрмет» и «Парасат», медалями «За трудовую доблесть», двумя медалями ВДНХ. В 2008 году по итогам сельскохозяйственного года Георгию Георгиевичу было присвоено звание «Генерал – Новатор».

ТОО «Шахтерское» с 2003 года имеет статус элитно-семеноводческого хозяйства, а также статус семенного хозяйства по выращиванию семян I, II и III репродукций, которые охотно закупаются хозяйствами как нашего района, так и других районов Карагандинской и Акмолинской областей. Хозяйство ежегодно добивается высоких показателей не только в районе, но и в области. Хозяйство полностью на сто процентов внедряет влагоресурсосберегающие технологии, в том числе осуществляет посев по нулевой технологии, посев с внесением минеральных удобрений, проводит химическую прополку, внедряет новую современную технику. Все это в совокупности дает положительные результаты. В этом году посевная площадь в ТОО «Шахтерское» составила 33,2 тыс. га, из них пшеницы было засеяно 26,2 тыс. га, ячменя – 2,0 тыс. га, овса – 0,7 тыс. га, нута – 4,3 тыс. га.

Уборочные работы близки к завершению. Намолочено уже более 3 миллионов пудов зерна. Для хранения зерна хозяйство построило четыре зернохранилища баночного типа.

За счет собственных средств ТОО заканчивается строительство двух коттеджей для молодых специалистов сельского хозяйства.

Большое внимание это градообразующее хозяйство уделяет благоустройству села и социальной сфере в целом, ежегодные вложения в которую составляют 10-12 миллионов тенге. На балансе ТОО «Шахтерское» – сельская врачебная амбулатория, здание сельского Дома культуры, гостиница, столовая, водопровод, пекарня, здание аппарата акима села. Хозяйство оказывает населению различные услуги, в том числе занимается посадкой, культивированием и поливом картофеля, пастьбой скота, санитарной очисткой села, подвозом населению сена, соломы, фуража. Большие средства выделяются местной школе, на развитие спорта, на оказание помощи пенсионерам.

Силами ТОО «Шахтерское» в селе построено здание сельской врачебной амбулатории. Общий объем строительно-монтажных работ составил 5,5 миллионов тенге. С середины января 2004 года новая амбулатория начала прием населения. Врачебная амбулатория располагает процедурным, детским, смотровым, стерилизационным, терапевтическим, стоматологическим кабинетами и физиокабинетом. Все кабинеты оснащены современным оборудованием, мебелью. На базе врачебной амбулатории действует аптека.

В 2006 году в селе Шахтерское состоялось открытие торгового дома, ныне мини-маркет «Байтерек», и нового офиса хозяйства, построенных за счет средств ТОО по самым современным стандартам. Здание торгового дома двухэтажное, на его строительство хозяйством было выделено 7,5 млн. тенге. Общая площадь 362,4 кв.м., площадь двух торговых залов – 199 кв.м. На втором этаже имеется помещение для субъектов малого бизнеса. Товары реализуются по доступным ценам.

Двухэтажное здание сельского Дома культуры «Колос» имеет 300 посадочных мест. При Доме культуры действует духовой оркестр, который с 1992 года носит звание «Народный». Оркестр всегда имеет поддержку со стороны ТОО «Шахтерское». Благодаря этой заботе обновляются музыкальные инструменты, костюмы, выделяются помещения для репетиций.

В 2009 году ТОО «Шахтерское» произведена реконструкция столовой под кафе на сумму 11 млн. тенге, местной школе оказана спонсорская помощь в сумме 1 млн. тенге на приобретение мебели для школьной столовой.

В прошлом году была введена в эксплуатацию пекарня, построенная за счет средств хозяйства в размере 6 млн. тенге. Пекарня выпускает до 500 булок в день. Ежегодно ТОО «Шахтерское» выделяет 6,5 млн. тенге на функционирование водопровода села, 7,5 млн. тенге - на благоустройство.

На средства ТОО в сумме 8 млн. тенге отремонтировано пустующее здание под спортзал и передано безвозмездно школе.

Школа в селе двухэтажная, была образована в 1964 году. В средней школе имени К.Шайменова обучаются 211 детей. При школе функционируют две группы мини-центра с неполным днем пребывания с государственным и русским языками обучения с общим охватом 50 детей. В школе работают 45 педагогов, из них с высшим образованием – 36, средне специальным – 8. Имеют квалификационные категории: высшую – 4, первую – 11, вторую – 14, без категории – 16. По государственному проекту «С дипломом – в село» в этом учебном году в школу прибыли два молодых специалиста: Г.Шаяхметова – учитель начальных классов, Т.Векшина – учитель русского языка и литературы, организатор творческих дел. В школе имеются мультимедийный и лингафонный кабинеты, оборудованный кабинет химии, в отдельном здании расположен спортивный зал. В школе имеется 28 компьютеров. Количество учащихся на один компьютер – 7,2 учащихся (районный показатель – 6,3). Система подключена к сети Интернет.

- В 2009 году по программе «Дорожная карта» был осуществлен текущий ремонт школы, - рассказывает директор средней школы им. К.Шайменова Ш.Иманбаева. - Финансирование из республиканского бюджета составило 4916 тыс. тенге. Были выполнены следующие виды работ: установка оконных блоков из металлопластика, алюминиевых витражей, дверных блоков, ремонт штукатурки внутренних стен, потолков, окраска внутренних стен известковым составом, установка 39 ламп освещения, скрытая прокладка электропроводки, устройство покрытий из ПХВ, из линолеума, подвесной потолок «Армстронг», ремонт наружной штукатурки, окраска фасада. В 2010 году также в рамках программы «Дорожная карта» был осуществлен текущий ремонт школы за счет средств республиканского бюджета в размере 4100 тыс. тенге. Виды работ: разборка чердачной разводки системы отопления и установка в классных помещениях, устройство железобетонных фундаментов общего назначения объемом до 5 метров в кубе под оборудование, установка блоков стен подвалов, установка котла КСВ, обмуровка котла и борова, установка двух центробежных насосов с электродвигателем, установка задвижек на трубопроводах из стальных труб, установка кранов проходных на трубопроводах, установка дверей, устройство подвесного потолка «Армстронг», покрытие керамической плиткой, частичная штукатурка и покраска фасада. Материально-техническая база ежегодно пополняется. На сумму 1649 тыс. тенге в 2007 году был оборудован кабинет химии. В 2010 году из средств местного бюджета выделено: на продукты питания 1-4 классов 684397,47 тенге; на продукты для питания детей во время летнего отдыха – 186736,50 тенге; учебники - 293333 тенге; медикаменты на сумму 2741,0 тенге; для прочих принадлежностей - 41771 тенге. Выделено из фонда Всеобуча для малообеспеченных, многодетных семей и детей-сирот обувь, куртки, ранцы для первоклассников, школьные формы на сумму 141021 тенге.

Сельская библиотека находится в здании аппарата акима села. Библиотечный фонд насчитывает около 10800 книг. Библиотеку посещают 800 читателей.

В селе осуществляется реконструкция водопроводных сетей. В прошлом году на эти цели из республиканского бюджета было выделено 53097 тыс. тенге, в этом году – 24000 тыс. тенге.

- В селе нет безработных, - говорит аким села С. Жумабеков. - Около 70 % населения занято в ТОО «Шахтерское», остальные трудятся в бюджетной сфере, заняты предпринимательством, имеется самозанятое население, занимающееся ведением подсобного хозяйства. Жители села Шахтерское с уверенностью смотрят в будущее, потому что являются свидетелями тех позитивных перемен, которые происходят у нас в целом по району, в том числе и по селу Шахтерское. Мы видим, как реально претворяются в жизнь программные установки, задачи, Послания Главы государства Нурсултана Абишевича Назарбаева, Стратегия развития страны «Казахстан – 2030». Все это направлено на улучшение благосостояния народа.

**Виктория ГРИЦОВА**

## Нұра аудандық мәслихатының ШЕШІМІ

Киевка кенті XXXIX сессия 10 қазан 2011 ж.№380

Қарағанды облысы әділет департаменті
Нұра ауданы әділет басқармасында
нормативтік құқықтық акт 2011 жылғы 20 қазанда
нормативтік құқықтық кесімдері
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне
№8-14-151 болып енгізілді

Нұра аудандық мәслихатының
2010 жылғы 22 желтоқсандағы
32 сессиясының «2011–2013 жылдарға
арналған аудандық бюджет туралы»
№308 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Нұра аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы 32 сессиясының «2011–2013 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №308 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіліміне №8-14-134 болып тіркелген, «Нұра» газетінің 2010 жылғы 25 желтоқсандағы №53 (5188) санында жарияланған), Нұра аудандық мәслихатының 2011 жылғы 29 наурыздағы 35 сессиясының «Нұра аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы 32 сессиясының «2011–2013 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №308 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №333 шешімімен өзгерістер енгізілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіліміне №8-14-143 болып тіркелген, «Нұра» газетінің 2011жылғы 9 сәуірдегі №15 (5203) санында жарияланған), Нұра аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 маусымдағы 36 сессиясының «Нұра аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы 32 сессиясының «2011–2013 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №308 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №347 шешімімен өзгерістер енгізілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіліміне №8-14-148 болып тіркелген, «Нұра» газетінің 2011 жылғы 16 шілдедегі №29 (5216) санында жарияланған), Нұра аудандық мәслихатының 2011 жылғы 11 тамыздағы 37 сессиясының «Нұра аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы 32 сессиясының «2011 – 2013 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №357 шешімімен өзгерістер енгізілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіліміне №8-14-149 болып тіркелген, «Нұра» газетінің 2011 жылғы 3 қыркүйектегі №36 (5223) санында жарияланған), келесі езгерістер енгізілсін:

1) тармақта:

1) тармақшада: «3143036» сандары «3152495» сандарымен ауыстырылсын; «2837191» сандары «2846650» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшада: «3154899» сандары «3164358» сандарымен ауыстырылсын;

2) көрсетілген шешімге 1, 6 қосымшалары осы шешімге 1, 2 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

3. Осы шешім 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы,
аудандық мәслихаттың хатшысы Е.Тұранов

КЕЛІСІЛДІ:
Нұра ауданының экономика және
бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы
______________ М.Мұхамеджанова «____»____ 2011жыл

## РЕШЕНИЕ Нуринского районного маслихата

пос. Киевка XXXIX сессия 10 октября 2011 г. №380

Зарегистрировано управлением юстиции
Нуринского района
от 20 октября 2011 года №8-14-151

О внесении изменений в решение
32 сессии Нуринского районного
маслихата от 22 декабря 2010 года №308
«О районном бюджете на 2011-2013 годы»

В соответствии с Бюджетным кодексом Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» районный маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение 32 сессии Нуринского районного маслихата от 22 декабря 2010 года №308 «О районном бюджете на 2011-2013 годы» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 8-14-134, опубликовано в газете «Нұра» от 25 декабря 2010 года №53 (5188)), внесены изменения решением 35 сессии Нуринского районного маслихата от 29 марта 2011 года №333 «О внесении изменений в решение 32 сессии Нуринского районного маслихата от 22 декабря 2010 года №308 «О районном бюджете на 2011-2013 годы» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №8-14-143, опубликовано в газете «Нұра» от 9 апреля 2011 года №15 (5203)), внесены изменения решением 36 сессии Нуринского районного маслихата от 22 июня 2011 года №347 «О внесении изменений в решение 32 сессии Нуринского районного маслихата от 22 декабря 2010 года №308 «О районном бюджете на 2011-2013 годы» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №8-14-148, опубликовано в газете «Нұра» от 16 июля 2011 года №29 (5216)), внесены изменения решением 37 сессии Нуринского районного маслихата от 11 августа 2011 года №357 «О внесении изменений в решение 32 сессии Нуринского районного маслихата от 22 декабря 2010 года №308 «О районном бюджете на 2011-2013 годы» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №8-14-149, опубликовано в газете «Нұра» от 3 сентября 2011 года №36 (5223)) следующие изменения:

1) в пункте 1: в подпункте 1): цифры «3143036» заменить цифрами «3152495»; цифры «2837191» заменить цифрами «2846650»;

в подпункте 2): цифры «3154899» заменить цифрами «3164358»;

2) приложения 1, 6 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложениям 1, 2 к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2011 года.

Председатель сессии,
секретарь районного маслихата Е.Туранов

СОГЛАСОВАНО:
Начальник отдела экономики и
бюджетного планирования
Нуринского района_____ М.Мухамеджанова
«____»_______________ 2011 год

## Әйгілі қаламгер қатысқан Сәкен оқулары




"Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған"
Абай.

Биыл – дауылпаз ақын, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 115 жыл. Осыған орай Ахмет ауылында 14 қазан яғни ақынның туған күні қарсаңында аудандық ІІ Сәкен оқуларының байқауы болып өтті.

Мерекелік шараға әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Тұрсынбек Кәкішұлы мен ақиық ақын Серік Тұрғынбеков және айтыскер ақын Дәулеткерей Кәпұлы келді. Ақынға арналған мерейтойлық шараның Ахмет ауылында ұйымдастырылуы тегін емес. Өйткені, дәл осы ауылдың іргесіндегі бұл күнде орны ғана қалған Ақтөбе ауылында 1916-1917 жылдары Сәкен Сейфуллин ұстаздық еткен екен. Бір атап өтерлігі, осы араға – ақын ағаның табаны тиген жерге арнайы ескерткіш тақта орнатылып, оған: «Осы жерде 1916-1917 жылдары Сәкен Сейфуллин ұстаздық етті» деп жазылыпты.



Мерекелік шара осы ескерткіш тақтаға гүл қойып, тағзым етуден басталды. Салтанатта сөз сөйлеген Тұрсынбек Кәкішұлы өзінің С.Сейфуллиннің шығармашылығын зерттей жүріп, ақынның қазақ әдебиетінің алтын қорына қосқан үлесінің айрықша екендігін атап етіп:

- Мен Сәкен ағамның басқан жері мен шыққан тауларын аралаудан жалықпаймын, керісінше ақын жүрген жерден жүріп өтсем төбем бір көкке жететіндей болады. Міне, бүгін де осындай қуанышты сезініп тұрмын – деді.

Ескерткіш тақтаның қасында өткен жиыннан кейін қонақтар Сәкен Сейфуллин атындағы мектепке келді. Қадірлі қонақтарды мектеп ұжымы қарсы алды. Ақын ағаларымыз оқушылар мен ұстаздарға өз алғыстарын білдіріп, ездерінің оқулықтары мен газет бетіне жарық көрген еңбектерін сыйға тартты.

Жиынынан кейін екі жыл бұрын ашылған мектеп мұражайына саяхат жасалды. Мұражайда ақынның өмір жолынан толықтай мәлімет берерліктей оқулықтар, арнайы салынған заттар мен жәдігерлердің барлығы жетерлік. Астана қаласындағы С.Сейфуллин мұражайымен жұмыс жасалғандығы байқалады. Мұражай саяхатын толықтыра түсуге «Мектеп мұражайының оқу-тәрбие ісіндегі орны» атты ролик көрсетілді. Видеороликтан соң арнайы келген қонақтар үшін дайындалған Жайық Бектұровтың «Енеден айырылған төл секілді» кітабына сүйене отырып жазылған «Сәкеннің соңғы сәттері» атты қойылымды тамашалап, көрермендерді ұмытылмас сезімге бөледі.

«С.Сейфуллин Қазақты Қазақ дейік, қатені түзетейік»,- деп Қазақ атауына араша түсіп, ұлтына төнген қауіпті ерте сезген, елінің тәуелсіздігі жолында аянбай еңбек еткен қоғам қайраткері. Бар ғұмырын қазақтың тілі мен діліне, елінің азаттығына арнаған мемлекет қайраткері, дауылпаз ақын С.Сейфуллиннің еңбек жолы бүгінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Міне осыны мақсат етіп қойылған көрсетілім жоғары деңгейде өткені сөссіз. Оған Тұрсынбек ағамыздың мына сөзінің өзі жеткілікті:

- Мен көптеген іс шараларда, жиындарда, отырыстар мен еске алу шараларында болдым, бірақ дәл бүгінгідей, дәл қазіргідей сезімді сезіп көрмегіпін. Шынымды айтсам іштей толқып, көз алдыма Сәкеннің бейнесі елестеп, жанарыма жас толып кеткендей болып тұрмын - деді. Осы сөзді айта отырып қойылымда Сәкеннің, Гүлбаһрамның, Аянның және жендеттердің бейнесін сомдаған оқушылар мен осы көріністі әзірлеген және жазушының осы ауылға келуіне себепкер болған мектеп мұғалімі Салтанат Мұхаметшәріпқызына ризашылығын білдірді.



Сәкен оқуларына қатысып, ақынның өлеңдерін жатқа оқып, жырларын шырқатып жүрген оқушылармен кездесу де жақсы өтті. Бұл кездесудің мақсаты - өткенді таразылау, бүгінгі барды бағалау, келешекті ойластыру, Сәкен бабамыздың салған сындарлы сара жолдан туындаған аманатты жастарымызға жеткізу болып табылады. Осыған орай бүгінгі шарамызға қазақтың ұлы перзенті туралы ойларымен бөлісу үшін келген қонақтардан көптеген мәліметтер алдық десек те болады. Сан алуан кітаптан таба алмайтын ой-пікірлерді, мәліметтерді, қызықты деректерді бір отырыс аясында естіп-білуіміз, көкейге сабақ қылып қондыруымыз ғажап дүние.

...Қай-қайсымыздың да бойымызда шешуші сәтте шешімді іс атқарған Тұрсынбек Кәкішұлына қарыздар бейіл, ризашылық сезім жүр. Бір ғажабы, уақыт өткен сайын ескіріп, өшіп кету орнына ұдайы жадында жаңарып, жадымызда жаңғырып, өркештеніп жүреді сол бір қастерлі сезім. Өмірінің сары күзінде тұрған аса қадірлі ағамызға күз жомарттығындай дарқан бақыт бергей тәңірі, – деп тілейміз іштей риясыз көңілден.

Мерекелік шара қарсаңында ұйымдастырылған Сәкен оқулары сайысы алдынғы жарыстардан қарағанда ерекше болды. Сайысқа ауданымыздың әр ауылынан оқушылар қатысты. Байқаудың мақсаты мектеп оқушылары арасында Сәкен шығармаларын насихаттау; Жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын, тұлғалық сезімін, мәдениетін дамыту; оқушыларды Сәкен поэзиясына, рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке, батырлыққа, қайсарлыққа тәрбиелеу, еліне, жеріне деген сезімдерін қалыптастыру болып табылады. Жалпы байқау төрт бөлімнен болды. Бірінші бөлім «Құр өлең деп ойлама, ынталы сөзге құлақ сал». Бұл бөлім бойынша оқушылар Сәкен шығармаларын жатқа оқыды. Екінші бөлім «Домбыра күйлегенде шыққан сарын, көкіректе ән салғанда шыққан жалын». Екінші бөлімде оқушылар ақын әндерін нақышына келтіріп шырқады. Үшінші бөлім тақырыбы **«Сыр пернені басып қара, басып қара жырласын»** - жас дарындыларға арналған түрде болды. Оқушылар өздерінің шығарған өлеңдерін немесе арнауларын тарту етті. Төртіншіі бөлім «Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас» деген жас дарындар арасында ғылыми жоба қорғау сайысы түрінде болды. Төрт сағатқа созылған сайыстың қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, жеңімпаздарға арнайы мақтау қағаздары мен сыйлықтар табысталды.

Сонымен қатар " Балапан" бағдарламасы шеңберінде биыл жергілікті бюджеттен 1 миллион 608 мың теңге қаржы бөлініп осы ауылға шағын орталық салу жоспарда болған. Сол жоспар жергілікті атқарушы биліктің арқасында орындалып бүгінгі қуанышты күні «Таңшолпан» шағын орталығының салтанатты түрде ашылу рәсімі болып өтті. Тұсау кесер рәсімінен бұрын ауыл әкімі Қарманов Ерік Қайыржанұлы мен мектеп директоры Балабиев Амантай Ескенұлы сөз сөйлеп ауыл тұрғындарын құттықтады. Ашылу рәсімі құтты қонақ Т.Кәкішов ағамыздың қаысуымен өтті. Тұсау кесер рәсімі мектеп оқушыларының орындауындағы Құрманғазының күмбірлеген күйімен ашылды. Ескі ғимаратты аудандық бюджет қаражатына толықтай жөндеуден өткізіп қазіргі заман талабына сай шағын орталықтың пайдалануға берілгшеніне ауыл тұрғындары дән риза. Қазіргі таңда бұл орталықта 2-5 жас аралығында 60 жас бүлдіршіндер тәрбиеленуде.

**Әмірхан НАҚЫПОВ**
**Ахмет ауылынан**

## «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» В ДЕЙСТВИИ

**Продолжение. Начало на 1-й стр.**

Состав мобильной медицинской бригады был представлен врачами следующих специальностей: врач терапевт (врач общей практики), акушер-гинеколог, хирург, кардиолог, УЗИ, офтальмолог, отоларинголог, стоматолог, врач рентгенолог, невропатолог. Более подробно о работе передвижного медицинского комплекса в интервью районной газете «Нура» рассказала руководитель комплекса - начальник отдела питания областного Центра формирования здорового образа жизни Багдат УРАЗБЕКОВА:

- Передвижной медицинский комплекс, закупленный в рамках реализации Государственной программы развития здравоохранения Республики Казахстан «Саламатты Қазақстан» на 2011-2015 годы, предназначен для обследования сельского населения, проживающего в отдаленных и труднодоступных регионах страны, в целях выявления и предупреждения заболеваний. Комплекс создан на базе полуприцепа «КАМАЗ» и включает кабинеты окулиста, ЛОР врача, рентгенографии, УЗИ, оборудована современная экспресс - лаборатория, а также маммограф. Каждый кабинет укомплектован ультрасовременным медицинским и скрининговым оборудованием, что позволяет выявлять заболевания на ранних этапах, сохраняя здоровье и жизнь казахстанцам. Аппаратура у нас мощная. Что радует, техника нас не подводит.



Сформирована бригада из врачей в составе 11 человек для оказания профилактической, консультативной, диагностической помощи населению по скрининговым картам. Группа врачей сформирована из разных лечебных учреждений области, отбор был осуществлен из самых выококвалифицированных специалистов.

Некоторые врачи передвижного медицинского комплекса были специально обучены по пользованию комплексом, потому что он новый. Обследование населения идет по определенным целевым группам в целях выявления раковых заболеваний, онкологических заболеваний, болезней системы кровообращения, ранее выявление рака молочной железы, сейчас идет рост этого заболевания. Каждый район дает нам статистические данные по своим заболеваниям, чтобы мы могли сориентироваться. Мы смотрим, на какие именно заболевания район акцентируется, чтобы набрать специалистов по тем заболеваемостям, по которым идет рост в данном районе. Бригада создана из врачей разного профиля. Здесь и невропатолог, окулист, терапевт, кардиолог, ЛОР врач. Все квалифицированные специалисты с большим опытом работы. Осуществляют консультативную помощь без скрининговых карт – кардиолог, терапевт, ЛОР врач, хирург. А по целевым группам – гинеколог, окулист, маммография и экспресс-диагностика – взятие анализов на холестерин и сахар. Очень удобны экспресс - лаборатории: сразу идет анализ.

**Скрининг – это профилактический медицинский осмотр здоровых лиц определенного возраста для выявления факторов риска и заболеваний на ранних стадиях, тем самым повышая эффективность лечения и предупреждая развитие осложнений.**

